

2 СОЦИАЛЬНАЯ ПСИХОЛОГИЯ

FTAXP 15.21.69

ӘОЖ 159.9.07

А.А. КАСЫМЖАНОВА,*¹

п.с.ғ.к. профессор.

*e-mail: a.kassymzhanova@turan-edu.kz**Қ.О. АХАН,¹**

докторант.

e-mail: karkara.akhan@gmail.com¹«Тұран» университеті, Алматы қ., Қазақстан

ОКСФОРДТЫҚ БАҚЫТ САУАЛНАМАСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕЛУІ

Аңдатпа

Қазіргі уақытта әлем бойынша әлеуметтік ғылымдарда, оның ішінде әсіресе, психологияда бақыт тақырыбына байланысты зерттеулер саны артып келеді. Қазақстанда бұл салада бақыт туралы халықаралық деңгейдегі зерттеулерге шолу жасалған еңбектер ғана бар. Кез-келген психикалық құбылыс, күй, процессті зерттеуде оның өлшеу құралының болуы маңызды. Сондықтан Қазақстандағы қазақ тілді тұрғындардың бақыт деңгейін өлшеу және Оксфордтық бақыт сауалнамасының (Argyle, Hills, 2002) қазақ тілді нұсқасының психометриялық ерекшеліктерін тексеру мақсатында осы зерттеуімізді жүргіздік. 245 (16-73 жас) қазақ тілді Қазақстан тұрғындары сауалнамаға жауап беріп, оның сенімділік деңгейі математикалық-статистикалық тұрғыдан дәлелденді ($\alpha = 0,882$). Алынған таңдау тобының қалыпты үлестірілім заңына сәйкестігі тексеріліп, көрсеткіштер бойынша сипаттама берілді. Бұл зерттеу нәтижесінде Оксфордтық бақыт сауалнамасы қазақ тіліндегі психодиагностикалық құралдар қатарын толықтырды. Бұл әдістеме қазақстандық ғылыми зерттеулерде түрлі жас шамасындағы респонденттерге қолдануға ұсынылып отыр.

Тірек сөздер: бақыт, Оксфордтық бақыт сауалнамасы, сенімділік статистикасы, қалыпты үлестірілім.

Кіріспе

Психология ғылымы дамуының қазіргі кездегі тенденцияларының бірі психологиялық мәселелердің тек қана негативті себептерін ғана емес, адам өмірінің барлық саласында оның әл-ауқатын жақсартатын, әрекетінің тиімді болуына оң әсерін тигізетін тұлғалық ерекшеліктерді, факторларды, жағдайларды зерттеу болып табылады. Осы орайда, соңғы жылдары позитивті психология бойынша, оның ішінде бақыт туралы зерттеулер саны артуда. Психология ғылымында бақыт мәселесі шамамен 30 жылдай уақыттан бері белсенді зерттелініп келеді. М. Argyle [1], М. Martin [1], J. Crossland [1], P. Hills [2], D.G. Myers [3], E. Diener [3], S. Lyubomirsky [4], H.S. Lepper [4] сияқты т.б. ғалымдар бақыт ұғымына түрлі анықтамалар беріп, өлшеу құралдарын әзірлеген. Дегенмен, қазіргі уақытта бақыттың нақты бір анықтамасы жоқ, алайда зерттеушілердің еңбегінің арқасында бақыт туралы көптеген теория, концепциялар мен модельдер пайда болды.

Бақыт – жиі жағымды эмоциялар мен қуаныш, белгілі бір кезеңдегі қанағаттанушылықтың жоғары деңгейі және негативті сезімдердің болмауы сияқты үш негізгі құрамдас бөліктен тұратын құрылым [1]. Осы бақыт анықтамасына негіздей отырып, Оксфорд университетінің профессорлары М. Argyle, М. Martin және J. Crossland 1987 жылы Оксфордтық бақыт сауалнамасын ұсынды. Ал, 2002 жылы М. Argyle және P. Hills бірлесіп, сауалнамаға өзгеріс енгізеді.

Ал, Қазақстандағы психологиялық ғылым үшін бақыт жаңа тақырып болып табылады. Кез-келген тақырып зерттеліне бастағанда, бірінші оның әдіснамалық негіздерінің қалыптастырылуымен қатар оның өлшеу құралдары әзірленеді. Сондықтан, зерттеуіміздің алғашқы

қадамы ретінде жоғарыда аталған Оксфордтық бақыт сауалнамасын қазақ тіліне аударып, ұлт ерекшелігіне сай бейімдедік. Өйткені, бақыт тұжырымына халық мәдениеті, менталитеті міндетті түрде әсер етеді.

Оксфордтық бақыт сауалнамасы (1989 ж. [1], өңделгені – 2002 ж.[2]) – алғашқы болып жасалынған бақыт деңгейін өлшейтін психодиагностикалық құралдарының бірі. Сонымен қатар, қазіргі уақытқа дейін де дүние жүзі бойынша белсенді түрде қолданылып келеді. Сондықтан осы әдістемені қазақ тіліндегі бақытты өлшеу құралы ретінде қолданысқа енгізуді таңдадық.

Материалдар мен әдістер

1. Қатысушылар

Оксфорд бақыт сауалнамасын қазақ тіліне бейімдеу және бақыт деңгейін анықтау бойынша зерттеуге 245 қазақ тілді Қазақстан тұрғындары қатысты. Зерттеу тобының әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы 1-кестеде берілген.

Кесте 1 – Зерттеу тобының әлеуметтік демографиялық сипаттамасы

Әлеуметтік-демографиялық сипаттама	Таңдау тобы N = 245
Жас аралығы 16-20 жас 21-25 жас 26-40 жас 41-55 жас 55 және одан үлкен жас	16-73 жас 75 (30,6%) 55 (22,4%) 69 (28%) 32 (13%) 14 (6%)
Жыныс: Ер Әйел	54 (22%) 191 (78%)
Білімі: Мектеп оқушысы Орта білімі бар Колледж студенті Орта арнайы білімі бар Университет студенті Жоғары білімі бар Академиялық дәрежесі бар (магистр) Ғылыми дәрежесі бар (PhD, кандидат, доктор)	6 (2,5%) 7 (2,8%) 71 (29%) 7 (2,8%) 6 (2,5%) 99 (40,4%) 39 (16%) 10 (4%)
Жұмыс жағдайы: Оқушы Студент Жұмыссыз, жұмыс іздейді Жұмыссыз, жұмыс іздеуде Аптасына 1-39 сағат жұмыс істейді Аптасына 40 және одан көп сағат жұмыс істейді Зейнеткер	6 (2,5%) 65 (26,5%) 10 (4%) 17 (7%) 60 (24,5%) 84 (34,3%) 3 (1,2%)
Отбасылық жағдайы: Жалғыз басты (үйленбеген \ тұрмыс құрмаған) Үйленген \ тұрмыс құрған Ажырасқан	122 (49,8%) 112 (45,7%) 11 (4,5%)

2. Өлшемдер

Оксфордтық бақыт сауалнамасы

1989 жылы M. Argyle, M. Martin және J. Crossland 29 сөйлемнен тұратын Оксфордтық бақыт сауалнамасын әзірлейді. Бұл әдістемеде 4 жауап нұсқасы болды, яғни әр сөйлем бойынша «бақытсыз не жеңіл депрессия», «бақыттың төмен деңгейі», «бақыттың жоғары деңгейі», «мания» деген жауаптардың бірін таңдау керек [1].

2002 жылы М. Argyle және Р. Hills Оксфордтық бақыт сауалнамасын жаңартады. Негізгі өзгешелік – зерттелінушілер 6 балдық Likert шкала арқылы сөйлемдермен қаншалықты келісетінін не келіспейтінін белгілейді: 1 – «мүлдем келіспеймін», 2 – «көбіне келіспеймін», 3 – «сәл келіспеймін», 4 – «сәл келісемін», 5 – «көбіне келісемін», 6 – «толық келісемін» [2]. Сауалнама 12 негативті, 17 позитивті тұжырымдарды құрайды.

Әдістеме нәтижелерінің өңделуі:

♦ негативті сұрақтар мәні кері мәнге: 6 мәні – 1-ге, 5 мәні – 2-ге, 4 мәні – 3-ке, 3 мәні – 4-ке, 2 мәні – 5-ке, 1 мәні – 6-ға өзгертіледі;

♦ барлық тармақтар бойынша мәндер қосылып, жалпы мән 29-ға бөлінеді.

Алынған мән төмендегідей интерпретацияланады (S. Wright бойынша) [5]:

1-1,9 балл: Бақытсыз. Бақытты сезіну көрсеткіштері осындай адамдардың әдетте өзінің болмысын және болып жатқан жағдайды дұрыс қабылдауға қабілеті төмен. Бұл нәтижені нақтылау үшін депрессия симптомдарын анықтауға арналған тесттерді қосымша қолдану ұсынылады.

2-2,9 балл: Аздап бақытсыз. Бақытты сезінуі төмен деңгейдегі адамдарда басым жағдайда көңілсіз, өзінен және басқалардан мін іздеу, өзін көп сынау сияқты құбылыстар тән. Мұндай ұпайды жинаған адам алғыс тізімін жазатын журнал арнағаны дұрыс.

3-3,9 балл: Бейтарап, яғни адам өзін ерекше бақытты немесе бақытсыз сезінбейді. Мұндай адамдар басым жағдайларда өздерінің көңіл-күйінің рефлексиясын жасай қоймайды және өз сезімдерінің маңыздылығын бағаламайды.

4 балл: Орташа бақытты. Мұндай көрсеткіштері бар адамдарға күнделікті жайдары және ашық көңіл-күйде болу, қамсыздық, уайымшылдықтың болмауы тән.

4-4,9 балл: Бақытты. Бақыт сезімі осындай деңгейдегі адамдарға өз өмірі мен жетістіктеріне толымдылық және қанағаттанушылық сезімі тән.

5-5,9 балл: Өте бақытты. Бақытты болудың жай ғана жақсы сезінуден басқа пайдасы да бар. Бұл денсаулықтағы артықшылықтармен, жақсы некемен және мақсаттарыңызға жетумен байланысты. Бақыт үлкен жетістікке жетуге мүмкіндік береді.

6 балл: Тым бақытты. Зерттеулердің нәтижесі бойынша, өзін тым бақытты сезінетін адамдардың еңбекте, оқуда, өз денсаулығына барабар баға беру арасында қарама-қайшылық бар. Яғни, тым бақытты сезінетін адамдардың осы салалардағы жетістіктері жиі төмен екендігі анықталған.

3. Жүргізілу барысы

Қазақ тіліне аударылып, мазмұны ұлт пен тіл ерекшеліктеріне сәйкес бейімделген Оксфордтық бақыт сауалнамасы Қазақстанның түрлі аймақтарының қазақ тілді 245 тұрғынына (16-73 жас аралығы) қашықтықтан жүргізілді. Бақыт деңгейі бойынша және зерттеу тобының әлеуметтік-демографиялық мәліметтері жинақталып, өңдеуден өтті.

Қатысушыларға алдын-ала зерттеу барысында алынған ақпараттардың құпиялығы сақталатыны туралы ескертілді.

4. Деректерді талдау

Алынған мәліметтерді талдауда SPSS бағдарламасы қолданылды. Ең алдымен, алынған нәтижелердің сипаттамалы статистикасы жасалынып, таңдау тобына қойылатын талаптардың бірі – қалыпты үлестірілім заңдылығына сәйкестігі тексерілді.

Кесте 2 – Оксфордтық бақыт сауалнамасы бойынша алынған мәліметтердің сипаттамалы статистикасы

Сипаттамалы статистика							
	N	Минимум	Максимум	Орта мән	Станд. ауытқу	Асимметрия	Эксцесс
Бақыт деңгейі	245	1,86	5,76	4,4635	,66395	-0,514	0,315
N валидті (жалпы)	245						

2-кестеде берілген мәндер арқылы зерттеу тобының қалыпты үлестірілім заңдылығына (асимметрия және эксцесс мәндері-1 мен 1 аралығында орналасу керек) сай екенін көре аламыз.

Осы қадамнан кейін әдістемеге берілген жауаптар негізінде Оксфордтық бақыт сауалнамасының жалпы және әр тармағының альфа-Кронбах коэффициенті анықталып, сенімділік деңгейі тексерілді.

Кесте 3 – Оксфордтық бақыт сауалнамасының жалпы сенімділік статистикасы

Сенімділік статистикасы			
альфа-Кронбах коэффициенті	Стандартталған тармақтарға негізделген альфа-Кронбах коэффициенті	Бөлімдер саны	N
0,872	0,882	29	245

3-кестедегі мәліметтерден α -Кронбах коэффициенті әдістеме бойынша 0,872-ге, ал стандартталған сұрақтар бойынша 0,882-ге тең екенін көре аламыз. Яғни бұл әдістеменің қазақ тілінде аударылған нұсқасының сенімділік деңгейі жоғары деңгейде деп айтуға болады. Ал, төменде 4-кестеде әдістеменің әр сұрағы бойынша сенімділік статистикасы берілген.

Кесте 4 – Оксфордтық бақыт сауалнамасы сұрақтарының сенімділік статистикасы

Тармақтың жалпы балға қатынасының статистикасы					
Оксфордтық бақыт сауалнамасы сұрақтары	Тармақты алып тастағандағы шкаланың орта мәні	Тармақты алып тастағандағы шкаланың дисперсиясы	Тармақтың жалпы балмен корреляциясы	Көп деңгейлі корреляция коэффициентінің квадраты	Тармақты алып тастағандағы альфа-Кронбах коэффициенті
1. Мен өзімнің күй-жайыма аса риза емеспін.*	125,2122	348,250	,324	,318	,871
2. Мені басқа адамдар қатты қызықтырады.	126,6082	383,338	,242	,311	,885
3. Мен өмірдің зор құндылығын сезінемін.	124,4408	346,739	,442	,406	,868
4. Мен әр адамға өте жылы сезіммен қараймын.	124,7143	350,984	,400	,422	,869
5. Мен сирек тынығып оянамын.*	125,9918	368,188	,009	,153	,879
6. Менің болашаққа деген көзқарасым ерекше оптимизмге толы емес.*	125,1388	340,653	,454	,353	,867
7. Көп нәрсе менің қызығушылығымды тудырады.	124,5551	348,117	,455	,428	,867
8. Мен әрдайым белгілі бір істермен беріліп айналысамын.	124,7633	350,468	,387	,276	,869
9. Өмір жақсы.	123,9918	348,303	,542	,518	,866
10. «Әлем – жақсы жер» деген ой маған тән емес.*	124,7918	339,362	,467	,320	,867
11. Мен көп күлемін.	125,0122	354,947	,267	,298	,872
12. Өмірімдегі барлық нәрсе мені қанағаттандырады.	124,9796	340,651	,587	,502	,864
13. «Мен – тартымдымын» деген көзқарас маған лайық емес.*	124,7510	340,573	,448	,337	,867

4 кестенің жалғасы

14. Менің қалауым мен іс-әрекетім арасында алшақтық бар.*	126,0490	343,088	,423	,375	,868
15. Мен өте бақыттымын.	124,2939	341,479	,626	,604	,864
16. Мен кейбір нәрселерден сұлулықты көремін.	124,3102	346,887	,558	,484	,866
17. Мен әрқашан басқалардың көңілін көтере аламын.	125,0857	349,423	,416	,472	,868
18. Мен өзім қалағанның бәріне икемделе аламын.	124,8735	341,218	,559	,504	,865
19. Мен өз өмірімді айтарлықтай бақылай алмайтынымды сезінемін.*	125,8571	351,557	,269	,269	,872
20. Менің кез-келген нәрсеге шамам келеді.	124,7020	352,292	,403	,406	,869
21. Мен ой-санамның белсенділігін толық сезінемін.	124,6653	341,510	,582	,505	,864
22. Мен қуаныш пен шаттық сезімдеріне жиі бөленемін.	124,6612	338,184	,706	,636	,862
23. Шешім қабылдау маған оңай емес.*	126,2000	345,964	,396	,348	,869
24. Менің өмірімде ерекше мән-мағына мен мақсат жоқ.*	124,6939	333,090	,597	,496	,863
25. Менің бойымда күш-қуат көптігін сезінемін.	124,8776	339,583	,604	,548	,864
26. Әдетте, мен жағдайларға жақсы ықпал жасаймын.	124,8939	342,480	,594	,525	,864
27. Басқа адамдармен бірге өзімді көңілді сезінбеймін.*	125,0531	357,247	,199	,221	,874
28. Мен өзімді денсаулығы бар адам сияқты сезінбеймін.*	124,7224	344,644	,410	,328	,868
29. Менде өткеннен ерекше қуанышты естеліктер жоқ.*	124,3388	347,454	,399	,306	,869
а* – Негативті фразалар					

3-және 4-кестеде берілген мәндерден (жалпы және жеке альфа-Кронбах коэффициенті) қазақ тіліне бейімделген 29 тармақ пен 6 балдық Likert шкаладан тұратын Оксфордтық бақыт сауалнамасының жоғары деңгейдегі сенімділігі дәлелденгенін көре аламыз (жалпы $\alpha = 0,882$; жеке сұрақтар бойынша $\alpha > 0,8$). Яғни, алдағы уақытта бұл әдістемені қазақ тілді тұлғалардың бақыт деңгейін өлшеуге қолдануға болады.

Алынған мәліметтер арқылы зерттеу тобының әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктері бойынша олардың бақыт деңгейін салыстырдық. 5-кестеде (20 б.) әлеуметтік топтардың әрқайсысы бойынша пайыздық көрсеткіштері берілген.

Кесте 5 – Зерттеу тобының бақыт деңгейін салыстыру

Әлеуметтік топтар	1-1,9 ұпай	2-2,9 ұпай	3-3,9 ұпай	4 ұпай	4-4,9 ұпай	5-5,9 ұпай	6 ұпай
Жас аралығы							
16-20 жас	0	2,7%	21,3%	2,7%	48%	25,3%	0
21-25 жас	0	0	30,9%	1,8%	50,9%	16,4%	0
26-40 жас	1,4%	1,4%	24,6%	7,2%	39%	26%	0
41-55 жас	0	0	19%	3%	50%	28%	0
55 және одан үлкен жас	0	0	21%	0	43%	36%	0
Жыныс:							
Ер	0	0	27,8%	3,7%	46,3%	22,2%	0
Әйел	0,5%	1%	23,6%	3,7%	46%	25%	0
Білімі:							
Мектеп оқушысы	0	0	50%	0	33%	17%	0
Орта білімі бар	0	0	50%	0	17%	33%	0
Колледж студенті	0	0	0	0	43%	57%	0
Орта арнайы білімі бар	14,3%	14,3%	0	0	42,8%	28,6%	0
Университет студенті	0	1,4%	25,3%	4,2%	48%	21,1%	0
Жоғары білімі бар	0	0	28,3%	3%	46,5%	22%	0
Академиялық дәрежесі бар (магистр)	0	0	18%	8%	46%	28%	0
Ғылыми дәрежесі бар (PhD, кандидат, доктор)	0	0	10%	0	60%	30%	0
Жұмыс жағдайы:							
Оқушы	0	0	50%	0	33%	27%	0
Студент	0	1,5%	18,5%	6%	49%	25%	0
Жұмыссыз, жұмыс іздемейді	0	0	30%	0	50%	20%	0
Жұмыссыз, жұмыс іздеуде	0	0	35,3%	0	58,8%	5,9%	0
Аптасына 1-39 сағат жұмыс істейді	1,7%	1,7%	30%	6,7%	38,3%	21,6%	0
Аптасына 40 және одан көп сағат жұмыс істейді	0	0	20,2%	1,2%	47,6%	31%	0
Зейнеткер	0	0	33,3%	0	33,3%	33,3%	0
Отбасылық жағдайы:							
Жалғыз басты (үйленбеген \ тұрмыс құрмаған)	0	0,8%	25,4%	2,5%	46,7%	24,6%	0
Үйленген \ тұрмыс құрған	0	0	24,1%	4,5%	46,4%	25%	0
Ажырасқан	9%	9,1%	18,2%	9,1%	36,4%	18,2%	0

5-кестеде берілген ақпараттан Қазақстанның қазақ тілді тұрғындарының көп бөлігі бақытты екенін байқай аламыз. Жас бойынша көрсеткіштерден түрлі топ өкілдерінің, ал жыныс бойынша көрсеткіштерден ер мен әйел бақытының шамалас екені көрінеді (екеуінде де бақытты адамдар үлесі – 46%). Сонымен қатар білімі және жұмыс жағдайы бойынша, колледж студенттерінің 57%-ы өте бақытты, ал мектеп оқушылары мен орта білімі бар тұлғалардың жартысы (50%) бейтарап күйде болады, яғни олар өз сезімдерінің маңыздылығын ерекше бақытты немесе бақытсыз күйлерді басынан кешіру арқылы бағалай алмайды. Қазақ тілді адамдардың отбасылық жағдайы бойынша, ажырасқан тұлғалардың бақыт деңгейі (36,4%) жалғыз басты (46,7%) және үйленгендерге (46,4%) қарағанда төмендеу. Өйткені, бұл топта өздерін бақытсыз (9%) және аздап бақытсыз (9%) сезінетін тұлғалар бар.

Аса көңіл аударарлық жағдай, зерттеуге қатысушылар арасында тым бақытты сезінетін адамдар жоқ (6 ұпай). Бұл орайда, 6 ұпайдың интерпретациясын қарайтын болсақ, өздерін тым бақытты сезінетін адамдар денсаулық, еңбек, оқу сияқты салаларға аса мән беріп қарамайды. Демек, Оксфордтық бақыт сауалнамасы бойынша анықталатын тым бақытты адамдар өздерінің өміріндегі шынайы жағдайына байланысты емес жиі ерекше эйфориялық күйде жүреді.

Назар аударарлық жағдайдың тағы бірі ретінде өте төмен ұпай жинаған адамдар үлесін айтсақ болады: 26–40 жас аралығындағы адамдардың 1,4%-ы, әйел адамдардың 0,5%-ы, орта арнайы білімі барлардың 14,3%-ы, аптасына 40 сағаттан аз жұмыс істейтін тұлғалардың 1,7%-ы, ажырасқан адамдардың 9%-ы өздерін бақытсыз сезінеді. Авторлық интерпретацияға сәйкес, бұл адамдар тіпті депрессиялық күйде болуы мүмкін. Өкінішке орай, мұндай адамдар кәсіби көмекке жүгіну керек екендігін өз беттерімен бағалай алмайды. Сондықтан туған-туыскандары мен жақындары олардың күйіне ерекше зейінмен қарағаны абзал.

Нәтижелерге қарай отырып, Оксфордтық бақыт сауалнамасы арқылы өмір жағдайы мен күйінің арасында сәйкестік болмайтын адамдарды анықтауға болатынын көре аламыз. Сонымен қатар осы нәтиже бойынша төмен және тым жоғары ұпай жинаған адамдардың психологиялық көмекті қажет ететініне назар аударған дұрыс. Өйткені, олардың тәуекел тобына қатысты болуы ықтимал.

5-кестеде берілген салыстырмалы сипаттамадан бөлек, жалпы алынған көрсеткіштер – зерттеу тобының бақыт деңгейі, жасы, жынысы, білімі, жұмыс және отбасылық жағдайы бойынша алынған мәліметтерді қолдана отырып, дисперсиялық талдау жүргізілді. Нәтижесінде жоғарыда келтірілген әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктер бойынша бақытты сезіну деңгейінде айырмашылық және өзара байланыс анықталмады. Яғни, адамның өзін бақытты сезінуі әлеуметтік-демографиялық емес, одан күрделі психологиялық ерекшеліктерге байланысты болуы мүмкін.

Негізгі ережелер

Оксфордтық бақыт сауалнамасы (M. Argyle және P. Hills) қазақ тіліне аударылып, ұлт пен тіл ерекшелігіне сәйкес бейімделді. Әдістemenің қазақ тілді нұсқасының сенімділік статистикасы жоғары деңгейде екені дәлелденді (α -Кронбах = 0,882).

Әдістеме авторларының анықтамасы бойынша, бақыттың 3 құрамдас бөлігі қарастырылды: жиі жағымды эмоция мен қуаныш, белгілі бір уақыт аралығындағы қанағаттану деңгейі және негативті сезімдердің жоқтығы.

Қазақстандық қазақ тіліндегі психодиагностикалық әдістемелер қоры халықаралық деңгейде қолданысқа ие, бақыт деңгейін өлшейтін құралмен толықтырылды.

Әдебиетке шолу

1989 жылы Ұлыбританияда M. Argyle, M. Martin, J. Crossland бақытты өлшеуді қамтамасыз ететін 29 тармақтан тұратын бақыт сауалнамасын әзірледі ($\alpha=0,9$). Олар сауалнама дайындауда бақыт ұғымының үш түрлі құрылымнан тұратынын: жағымды эмоция немесе қуаныштың жиілігі мен деңгейі, белгілі бір уақыт аралығындағы қанағаттану деңгейі және депрессия немесе мазасыздану секілді негативті сезімдердің жоқтығын негізге алды. M. Argyle, M. Martin, J. Crossland Оксфордтық бақыт сауалнамасы нәтижесімен теңестірілген эмоция шкаласы (Bradburn, 1963) арқылы анықталған жағымды эмоциялар шкаласы арасында 0,32-ге тең корреляцияны анықтады. Оксфордтық бақыт сауалнамасының өмірге қанағаттанушылық индексімен (Argyle, 1987) арасындағы корреляция 0,57, ал Бектің депрессия сауалнамасымен арасындағы корреляция -0,52-ні құрады [1].

Алғашқыда Оксфордтық бақыт сауалнамасы тек ағылшын тілінде қолданылды. Кейінірек, араб, қытай, неміс, жапон, итальян, португалдық, персид, үнді, түрік, иран сияқты басқа тілдерге аударылып, қолданылу аясы кеңейе бастады. Оксфордтық бақыт сауалнамасы ғылымда бақыттың сенімді өлшеу құралы ретінде тез танымал болды, бұл түрлі саладағы зерттеулердің нәтижелерін біріктіруге мүмкіндік берді.

Оксфордтық бақыт сауалнамасын өз тілдеріне бейімдеп, бақытты өлшеуде қолданған әр түрлі мемлекетте, әр түрлі популяциямен жүргізілген соңғы жылдардағы зерттеулерді қарастырап болсақ, әдістеменің осы уақытқа дейінгі танымалдылығын және қолдану аясының кеңдігін, сенімділік деңгейінің жоғарылығын байқай аламыз.

H.A.A.E.K. Ahmed және B.E.S. Mohamed егде жастағы адамдардың бақыт және адамгершілік сезімдері арасындағы оң корреляцияны анықтады [5]. Яғни, бақытты адамның адамгершілік сезімдерінің даму деңгейі жоғары немесе адамгершілік сезімдері дамыған сайын адам өзін бақытты сезінеді деп айтуға болады.

P. Yaprak, M. Güçlü және T.A. Durhan әзіл стилі, бақыт және өміршендік туралы зерттеуінде «өзін-өзі күшейтетін әзіл» (өзін-өзі бағалауын жоғарылату мақсатында өзіне бағытталған әзіл) мен «аффилиативті әзілдің» (басқаларға бағытталған күнделікті әзіл) бақытпен оң өзара байланысын көрсетілген [6]. Демек, адамдар өздерін бақытты сезінгенде әзілдің тек осы түрлерін ғана қолданады.

A.S. Demirtaş өз зерттеуінде студенттер оптимизмі бақытқа когнитивті икемділік және университет өміріне бейімделуі арқылы әсер ететінін дәлелдеді [7]. Яғни оптимист студенттер когнитивтілік тұрғысынан икемді болып келеді, бұл өз кезегінде жаңа өмірге бейімделуді арттырып, олардың өзін бақытты сезінуіне әсер етеді. Сонымен қатар K. Öztemel және E. Yıldız-Akyol еңбегінде бақыт деңгейі жоғары, болашаққа деген позитивті және жоспарлы көзқарасы бар адамдар және ата-анасынан, достарынан және тағы басқа әлеуметтік байланыстарынан оң әлеуметтік қолдау алатын адамдар мансапқа бейімделу деңгейінің жоғары екенін көрсетті [8].

Ал, COVID-19 кезінде жүргізілген M. Evli және N. Şimşek зерттеуінде пандемия жағдайы адамдардың белгісіздікке төзбеушілігін арттырып, бақытқа теріс әсер етуі анықталды [9]. Яғни бұл зерттеуден COVID-19-дың адамдардың күйіне әсер етуімен қатар, белгісіздікке төзбеушілік пен бақыт арасындағы кері корреляцияны да байқай аламыз.

C. Tan, S. Low және G.N. Viarude [10] әлеуметтік қолдаудың және экстраверсияның бақытқа әсер етуіндегі, ал M. Muayan-Yülik және O. Bakalim [11] өміршендік пен бақыт арасындағы үміттің медиаторлық әсерін анықтады. Демек, адамдардың бақытты болуында басқа факторлармен қатар, үміт те өзінің делдалдық рөлі айтарлықтай әсер етеді.

Тағы бір ғалымдар тобы – C. Tan, S. Tan, I.H. Mohd Hashim, M. Lee, A.W. Ong, S.N.B. Yaacob шығармашылықтың бақытқа әсер етуінде шешім қабылдау қабілетінің модераторлық рөлін анықтады [12]. Бұл зерттеу шешім қабылдау қабілеті жоғары шығармашыл тұлғалардың өзін бақытты сезінетінін көрсетеді.

H. Oltean, P. Hyland, F. Vallières, D.O. David зерттеуінде өзін-өзі қабылдау сенімдерінің бақыт және оптимизммен оң әрі тікелей байланысын, ал артықшылықтар туралы сенімдері бақыт және оптимизммен оң әрі өзін-өзі қабылдау сенімдері арқылы жанама байланыста екендігі дәлелденді [13].

W. Briki зерттеуі бақыт және өмірге қанағаттанушылықтың жақындау темпераментімен (стимулға қарай ұмтылу) оң корреляциясында, ал қашу темпераментімен (стимулдан қашу, дистанция сақтау) теріс корреляциясында өзін-өзі бақылау қасиетінің медиаторлық рөлін көрсетті [14].

Дін мен бақыт арасындағы байланысқа арналған еңбектерді қарастырсақ, дәл қазіргі күнге дейін жарияланған 7 Христиан діні аясында (Robbins және Francis 1996; Francis және Lester 1997; Francis және Robbins 2000; Francis және т.б. 2000; Francis және т.б. 2003) [15], 3 Еврей діні аясында (Francis және Katz 2002; Francis және т.б. 2004, 2014) [15], 2 Ислам діні (Francis, Ok және Robbins 2017 [15]; Tekke, Francis және Robbins 2018 [16]) аясында жүргізілген зерттеулерде дін мен бақыт арасындағы оң корреляция анықталды. Демек, дін тұлғаның жеке ерекшеліктерімен байланыса отырып, оның бақытты болуына оң әсерін тигізеді.

B. Soucase, J. García-Alandete және C. Rubio-Belmonte өмірдің мәні болуы және оны іздеудің бақытқа қаншалықты әсер ететін зерттеу барысында өмір мәнінің бар болуы өзін-өзі бағалаудың төмен деңгейімен теріс корреляция, бақытпен және әл-ауқатпен, өмірге қанағаттанушылықпен, өзін-өзі бағалаудың жоғары деңгейімен оң корреляцияда екендігі табылса, керісінше, өмірдің мәнін іздеудің бақыт және әл-ауқатпен, өмірге қанағаттанушылықпен, өзін-өзі бағалаудың жоғары деңгейімен теріс байланысы, ал өзін-өзі бағалаудың төмен деңгейімен оң байланысы анықталды [17].

Y.R. Bangun, A. Pritasari, F.B. Widjaja, C. Wirawan, A. Wisesa, H. Ginting жоғары оқу орнының оқытушыларымен жүргізген зерттеуінде бақыттың сандық технологияға деген қатынаспен еңбек өнімділігі арасындағы, сонымен қатар жұмысына қанағаттанушылық пен еңбек өнімділігі арасындағы байланыста медиаторлық рөл атқаратыны анықталды [18]. Бұл нәтиже оқытушылардың сандық технологияға оң қатынасы және жұмысына қанағаттанушылықтың жоғары деңгейі олардың бақыттырақ болуына және жұмыс өнімділігінің артуына әсер етуін білдіреді.

Ghafaryan Shirazi, Andrés, Ghafaryan Shirazi және Kharamin зерттеуі бақыт және өзін-өзі бағалау деңгейі некеге қанағаттанушылығымен оң корреляциясын көрсетті [19]. Демек, бақыт және өзін-өзі бағалау деңгейі жоғары болған сайын, некеге қанағаттанушылығы да жоғары болады. Немесе, керісінше, некесіне қанағаттанатын адамдар өзін бақыттырақ сезінеді және өзін-өзі жоғары бағалайды.

Жоғарыда келтірілген зерттеулерден бөлек, көптеген басқа мемлекеттің ғалымдары бақытты өлшеудің басқа да құралдарын әзірлегенде, жаңа әдістеменің қолданысқа жарайтын сенімділігін арттыру үшін Оксфордтық бақыт сауалнамасын қатар қолдана отырып, нәтижелері арасындағы байланысты көрсеткен. Бұл әдістеменің бақыт феноменіне байланысты зерттеу жүргізетін ғалымдар арасында кең қолданысқа әрі сенімділікке ие екенін көрсетеді.

Оксфордтық бақыт сауалнамасын қолдану арқылы жүргізілген зерттеулерге шолу жасау нәтижесінде бақытты болу күйі адамгершілік сезім, оптимизм, когнитивтік икемділік, әлеуметтік қолдау, экстраверсия, үміт, өміршендік, белгісіздікке төзімділікпен қарау, өзін-өзі қабылдау сенімдері, өзін-өзі бақылау, дін, өмірдің мәні, өмірге және некеге қанағаттанушылықпен, т.б. құрылымдармен тығыз байланыста болатын күрделі кешенді құбылыс екенін атап өтуге болады. Осылайша, адамның бақытты болуға қабілеттілігі оның әлеуметтік ортада жоғары жетістіктерге жетуіне, әлеуметтік ортаға немесе жаңа құбылыстарға бейімделуіне, жаңа іс-әрекет пен білімдерді сәтті игеруіне негіз болады немесе зор ықпал жасайды деп тұжырымдауымызға болады.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеуіміз барысында әдістеме қазақ тіліне аударылып, мазмұны ұлт пен тіл ерекшелігіне бейімделген Оксфордтық бақыт сауалнамасы Қазақстанның түрлі аймақтарының қазақ тілді тұрғындарына жүргізіліп, әдістеменің сенімділік статистикасының деңгейі жоғары екендігі дәлелденді. Яғни алынған сауалнама жауаптарын қолдана отырып анықталған α -Кронбах коэффициенті 0,883-ке тең. Бұл нәтиже Оксфордтық бақыт сауалнамасының осы нұсқасын алдағы уақытта қазақ тілді адамдардың бақыт деңгейін анықтауда қолдануға болатынын білдіреді.

Сауалнама нәтижесінің сипаттамалы статистикасы SPSS бағдарламасы арқылы есептелініп, зерттеу тобының қалыпты үлестірілім заңдылығына сәйкестігі анықталды. Демек, зерттеуіміз нәтижесі ретінде алынған қазақ тіліне бейімделген Оксфордтық бақыт сауалнамасын барлық қазақ тілді адамдарға жүргізуге болады.

Әдістемені жүргізу барысында алынған бақыт деңгейі және әлеуметтік-демографиялық ақпараттар арасында дисперсиялық талдау жүргізілді. Нәтижесінде қазақ тілді адамдардың жасы, жынысы, білімі, жұмыс және отбасылық жағдайы бойынша бақытты сезіну деңгейі арасында айырмашылық анықталмады. 1995 жылы жүргізілген D.G. Myers және E. Diener зерттеуінде де жас және жыныс бойынша бақыт деңгейіндегі айырмашылықтар анықталмаған болатын [3].

Сонымен қатар Оксфордтық бақыт сауалнамасын өз тіліне аударып, мәдениетіне сай бейімдей отырып қолданған түрлі мемлекет ғалымдарының түрлі бағытта, түрлі факторларға негіздей отырып жасаған зерттеулеріне де қысқаша шолу жасалынды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, қазақ тіліне аударылған Оксфордтық бақыт сауалнамасының сенімділігі және зерттеу тобының қалыпты үлестірілім заңдылығына сәйкес екені дәлелденді. Жас,

жыныс, білімі, жұмыс және отбасылық жағдайы сияқты әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер бойынша бақытты сезіну деңгейінде айырмашылықтар байқалмады. Сонымен қатар осы әдістеме нәтижесі арқылы тәуекел тобындағы адамдарды анықтау мүмкіндігі бар.

Бұл зерттеу нәтижесі алдағы уақытта Қазақстанның зерттеушілері осы әдістемені қолдана отырып, басқа мемлекетте жүргізілген бақыт феноменіне байланысты зерттеулерді қазақ тілді популяциямен қайталап көруге (replication) немесе осы уақытқа дейін қарастырылмаған факторлардың әсерін байқау мақсатында жаңа зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл еңбекте жинақталған мәліметтер алдағы уақытта жоспарланған бақыт туралы түсінікке байланысты зерттеуімізге негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Argyle M., Martin M., Crossland J. Happiness as a function of personality and social encounters // J.P. Forgas, J.M. Innes (Eds.). *Recent advances in social psychology: An international perspective*, 1989, pp. 189–203.
- 2 Hills P., Argyle M. The oxford happiness questionnaire: A compact scale for the measurement of psychological well-being // *Personality and Individual Differences*, 2002, no. 33(7), pp. 1073–1082. doi:10.1016/S0191-8869(01)00213-6
- 3 Myers D.G., Diener E. WHO IS HAPPY? // *Psychological Science*, 1995, no. 6(1), pp. 10–19. doi:10.1111/j.1467-9280.1995.tb00298.x
- 4 Lyubomirsky S., Lepper H.S. A measure of subjective happiness: Preliminary reliability and construct validation // *Social Indicators Research*, 1999, no. 46(2), pp. 137–155. doi:10.1023/A:1006824100041
- 5 Meaning and Happiness.com. URL: <http://www.meaningandhappiness.com/oxford-happiness-questionnaire/214/>
- 6 Ahmed H.A.A.E.K., Mohamed B.E.S. Relationship between morality, happiness, and social support among elderly people // *Middle East Current Psychiatry*, 2022, no. 29(1). doi:10.1186/s43045-022-00195-z
- 7 Yaprak P., Güçlü M., Durhan T.A. The happiness, hardiness, and humor styles of students with a bachelor's degree in sport sciences // *Behavioral Sciences*, 2018, no. 8(9). doi:10.3390/bs8090082
- 8 Demirtaş A.S. Optimism and happiness in undergraduate students: Cognitive flexibility and adjustment to university life as mediators // *Anales De Psicologia*, 2020, no. 36(2), pp. 320–329. doi:10.6018/analesps.381181
- 9 Öztemel K., Yıldız-Akyol E. The predictive role of happiness, social support, and future time orientation in career adaptability // *Journal of Career Development*, 2021, no. 48(3), pp. 199–212. doi:10.1177/0894845319840437
- 10 Evli M., Şimşek N. The effect of COVID-19 uncertainty on internet addiction, happiness and life satisfaction in adolescents // *Archives of Psychiatric Nursing*, 2022, no. 41, pp. 20–26. doi:10.1016/j.apnu.2022.07.008
- 11 Tan C., Low S., Viapude G.N. Extraversion and happiness: The mediating role of social support and hope // *PsyCh Journal*, 2018, no. 7(3), pp. 133–143. doi:10.1002/pchj.220
- 12 Muyan-Yılık M., Bakalım O. Hope as a mediator of the link between subjective vitality and subjective happiness in university students in turkey // *Journal of Psychology: Interdisciplinary and Applied*, 2022, no. 156(3), pp. 241–255. doi:10.1080/00223980.2022.2028712
- 13 Tan C., Tan S., Mohd Hashim I.H., Lee M., Ong A.W., Yaacob S.N.B. Problem-solving ability and stress mediate the relationship between creativity and happiness // *Creativity Research Journal*, 2019, no. 31(1), pp. 15–25. doi:10.1080/10400419.2019.1568155
- 14 Oltean H., Hyland P., Vallières F., David D.O. Rational beliefs, happiness and optimism: An empirical assessment of REBT's model of psychological health // *International Journal of Psychology*, 2019, no. 54(4), pp. 495–500. doi:10.1002/ijop.12492
- 15 Briki W. Trait self-control: Why people with a higher approach (avoidance) temperament can experience higher (lower) subjective wellbeing. *Personality and Individual Differences*, 2018, no. 120, pp. 112–117. doi:10.1016/j.paid.2017.08.039
- 16 Francis L.J., Ok Ü., Robbins M. Religion and happiness: A study among university students in Turkey // *Journal of Religion and Health*, 2017, no. 56(4), pp. 1335–1347. doi:10.1007/s10943-016-0189-8
- 17 Tekke M., Francis L.J., Robbins M. Religious affect and personal happiness: A replication among sunni students in Malaysia // *Journal of Muslim Mental Health*, 2018, no. 11(2), pp. 3–15. doi:10.3998/jmmh.10381607.0011.201
- 18 Soucase B., García-Alandete J., Rubio-Belmonte C. Presence of/search for meaning and positive psychological functioning in spanish emerging adults // *Current Psychology*, 2021. doi:10.1007/s12144-021-02394-z

19 Bangun Y.R., Pritasari A., Widjaja F.B., Wirawan C., Wisesa A., Ginting H. Role of happiness: Mediating digital technology and job performance among lecturers // *Frontiers in Psychology*, 2021, no. 12. doi:10.3389/fpsyg.2021.593155

20 Ghafaryan Shirazi N., Andrés S., Ghafaryan Shirazi Y., Kharamin S. Investigating the predictors of marital satisfaction: The case of Iranian women // *Family Journal*, 2022. doi:10.1177/10664807221104135

А.А. КАСЫМЖАНОВА,*¹

к.пс.н., профессор.

*e-mail: a.kassymzhanova@turana.edu.kz

К.О. АХАН,¹

докторант.

e-mail: karkara.akhan@gmail.com

¹Университет «Туран», г. Алматы, Казахстан

ПЕРЕВОД И АДАПТАЦИЯ ОКСФОРДСКОГО ОПРОСНИКА СЧАСТЬЯ НА КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Аннотация

В настоящее время во всем мире увеличивается количество исследований, связанных с темой счастья в социальных науках, особенно в психологии. В Казахстане имеются только такие работы, в которых представлен обзор международных исследований счастья. При исследовании любого психического явления, состояния, процесса важно иметь измерительный инструмент. Поэтому проведено данное исследование с целью измерения уровня счастья казахскоязычных жителей Казахстана и проверки психометрических свойств казахской версии Оксфордского опросника счастья (Argyle, Hills, 2002). 245 (возраст 16–73) казахскоязычных жителей Казахстана ответили на вопросы опросника, уровень достоверности был подтвержден математически и статистически ($\alpha = 0,882$). Осуществлена проверка соответствия полученной выборочной группы закону нормального распределения и дана характеристика по показателям. Данная методика является существенным вкладом в казахстанский фонд психодиагностического инструментария на казахском языке, который пополнен валидным и надежным опросником для исследования уровня счастья. Данная методика рекомендуется к использованию в казахстанских научных исследованиях для разных возрастных групп.

Ключевые слова: счастье, Оксфордский опросник счастья, статистика надежности, нормальное распределение.

A.A. KASSYMZHANOVA,*¹

с.пс.н., профессор.

*e-mail: a.kassymzhanova@turana.edu.kz

K.O. AKHAN,¹

PhD student.

e-mail: karkara.akhan@gmail.com

¹Turan University, Almaty, Kazakhstan

TRANSLATION AND ADAPTATION OF THE OXFORD HAPPINESS QUESTIONNAIRE INTO KAZAKH

Abstract

Nowadays the number of researches related to the topic of happiness in the social sciences, especially in psychology, is increasing all over the world. There are only works that review international research on happiness in this area in Kazakhstan. In the study of any mental phenomenon, state, process, it is important to have a measuring tool. Therefore, we conducted this study in order to measure the level of happiness of Kazakh-speaking residents of Kazakhstan and to check the psychometric properties of the Kazakh version of the Oxford Happiness Questionnaire (Argyle, Hills, 2002). 245 (age 16–73) Kazakh-speaking residents of Kazakhstan responded to the questionnaire, and its level of reliability was proved mathematically and statistically ($\alpha = 0.882$). Compliance of the obtained sample group with the normal distribution law was checked and a description was given according to the indicators. As a result of this study, the Oxford Happiness Questionnaire was added to the range of psychodiagnostic tools in Kazakh. This method is recommended for use in Kazakh scientific research for different age groups.

Key words: happiness, Oxford Happiness Questionnaire, reliability statistics, normal distribution.